

«Жасыл даму» АҚ Басқармасының
2024 жылғы 14 қарашадағы
шешімімен
БЕКІТІЛДІ
(№11/2024–52 хаттама)

**«Жасыл даму» акционерлік қоғамының артық және (немесе) қате төленген
сомаларды қайтару қағидалары**

*(«Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2024 жылғы 05 желтоқсандағы шешімімен бекітілген
толықтырулармен, № 12/2024–56 хаттама)*

*(«Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешімімен бекітілген
толықтырулармен және өзгерістермен, № 08/2026-34 хаттама)*

Астана қ., 2026 жыл

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтару негіздері	3
3. Артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтару тәртібі мен рәсімі	4
4. Кәдеге жарату төлемдерін енгізу туралы сертификат деректерін түзету	7
5. Қорытынды ережелер	8

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Жасыл даму» акционерлік қоғамының артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 389-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 763 қаулысымен бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларына (бұдан әрі – ӨКМ іске асыру қағидалары), өзге де нормативтік құқықтық актілерге, «Жасыл даму» акционерлік қоғамының Жарғысына және «Жасыл даму» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) ішкі актілеріне сәйкес әзірленді.

1-тармақ «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес өзгертілді (№ 08/2026-34 хаттама).

2. Қағидалар өнімді (тауарларды) өндірушілердің (импорттаушылардың) жазбаша өтініштері негізінде кәдеге жарату төлемінің артық және (немесе) қате төленген сомаларын қайтару негіздерін, шарттары мен тәртібін, сондай-ақ кәдеге жарату төлемдерін енгізу туралы сертификаттардағы ақпаратқа түзетулер енгізу шарттарын белгілейді.

2-тармақ «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес өзгертілді (№ 08/2026-34 хаттама).

3. «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес алып тасталды (№ 08/2026-34 хаттама).

2. Артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтару негіздері

4. Артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтару негіздері мыналар болып табылады:

1) кәдеге жарату төлемінің сомасын (сомасының бөлігін) қате енгізу, оның ішінде импорттаушының (өндірушінің) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындауға өтінімді қалыптастыру кезінде деректерді қате көрсетуіне байланысты;

2) өндірушілердің (импорттаушылардың) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын, ол (олар) үшін кәдеге жарату төлемі енгізілген өнімді (тауарларды), соның ішінде қаптамадағы өнімді (тауарларды) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге өз бетінше өткізуі (шығаруы);

3) кәдеге жарату төлемдерін енгізу арқылы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындаған кәсіпкерлік субъектісінің қаптама қалдықтарын (жарамсыз өнім, қиындылар, қаптамадағы өнімнің (тауарлардың) жарамдылық мерзімінің өтуі) қалдықтарды қалпына келтіру немесе кәдеге жарату жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын тұлғаларға иелік етуге беру арқылы өз бетінше кәдеге жаратуы.

4-тармақ «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес өзгертілді (№ 08/2026-34 хаттама).

3. Артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтарутәртібі мен рәсімі

5. Кәдеге жарату төлемінің артық және (немесе) қате төленген сомасын қайтару Өндірушінің (импорттаушының) Оператордың мекенжайына ұсынған кәдеге жарату төлемінің артық және (немесе) қате төленген сомасын қайтаруды жүргізуге берген өтініші (бұдан әрі – өтініш) бойынша жүзеге асырылады.

5-тармақ «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес өзгертілді (№ 08/2026-34 хаттама).

6. Өтініш электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойыла отырып, электрондық құжат айналымы жүйесі немесе азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің «e-Otinish» бірыңғай мемлекеттік платформасы жүйесі арқылы беріледі.

6-тармақ «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес өзгертілді (№ 08/2026-34 хаттама).

7. Өтініш жеке тұлғаның не өндіруші (импорттаушы) бірінші басшысының не ол уәкілеттік берген тұлғаның (заңды тұлғалар үшін) қолы қойылып, еркін нысанда беріледі.

Өтініште міндетті түрде мынадай ақпарат болуы тиіс:

1) өндірушінің (импорттаушының) толық немесе қысқартылған атауы, заңды және іс жүзіндегі мекенжайы, байланыс деректері (телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайлары);

2) кәдеге жарату төлемінің қайтарылуға тиіс артық және (немесе) қате төленген сомасы;

3) кәдеге жарату төлемінің артық және (немесе) қате төленген сомасын қайтаруға арналған өндірушінің (импорттаушының) банктік шот реквизиттері;

4) өтініште көрсетілген кәдеге жарату төлемінің артық төленген сомасы енгізілген, Оператор берген кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификаттың нөмірі мен күні;

5) артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтару негізі;

6) негіздерді растау үшін қоса берілетін құжаттардың тізбесі.

7-тармақ «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес өзгертілді (№ 08/2026-34 хаттама).

8. Артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтару негіздерін растау үшін өтінішке тиісті растаушы құжаттар, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер немесе «Қазпошта» акционерлік қоғамы берген, өндірушінің (импорттаушының) артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтару жүзеге асырылатын ұлттық валютадағы есеп айырысу шотының реквизиттерін растайтын құжат қоса берілуі тиіс.

8-тармақ «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес өзгертілді (№ 08/2026-34 хаттама).

9. Қағидалардың 2-тарауының 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген себеп бойынша артық және (немесе) қате төленген сомалар қайтарылған жағдайда төмендегі құжаттар қоса беріледі:

Өнімді (тауарларды) және (немесе) оның (олардың) қаптамасын

экспорттаған жағдайда:

1) өнімді (тауарларды) жеткізуге арналған экспорттық келісімшарт немесе өнімді (тауарларды) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге өткізу шарттары;

2) тауарға ілеспе құжаттар:

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерге экспортталған тауарлар үшін – электрондық сәйкестендіру шот-фактурасы, көлік құжаттары (көлік жүкқұжаты, халықаралық автокөлік жүкқұжаты CMR), босалқыларды босатуға арналған жүкқұжат (бар болса);

ЕАЭО-ға кірмейтін елдерге экспортталған тауарлар үшін – экспорттық кедендік декларация, көлік құжаттары, босалқыларды босатуға арналған жүкқұжат (бар болса).

Көлік құралдары мен өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасын экспорттаған жағдайда:

1) заңды тұлғалар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерге экспорттағандар үшін – электрондық шот-фактура, көлік құжаттары (көлік жүкқұжаты, халықаралық автокөлік жүкқұжаты CMR), босалқыларды босатуға арналған жүкқұжат (бар болса);

2) заңды тұлғалар ЕАЭО-ға кірмейтін елдерге экспорттағандар үшін – экспорттық кедендік декларация, көлік құжаттары (көлік жүкқұжаты, халықаралық автокөлік жүкқұжаты CMR), босалқыларды босатуға арналған жүкқұжат (бар болса);

3) жеке тұлғалар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерге экспорттағандар үшін – сатып алу-сату шарты, көлік құралын тіркеу туралы куәлік (бар болса), көлік құжаттары (көлік жүкқұжаты немесе халықаралық автокөлік жүкқұжаты CMR немесе шекарадан өту талоны немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінен Қазақстан Республикасының шекарасынан өту фактісін растайтын хат), қабылдау-өткізу актісі (бар болса);

4) жеке тұлғалар ЕАЭО-ға кірмейтін елдерге экспорттағандар үшін – экспорттық кедендік декларация, көлік құжаттары (көлік жүкқұжаты, халықаралық автокөлік жүкқұжаты CMR).

Қағидалардың 2-тарауының 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес көлік құралдары бойынша артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтарудың міндетті шарты көлік құралдарын мемлекеттік тіркеудің бірыңғай цифрлық жүйесінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу себебі бойынша көлік құралын есептен шығару туралы белгінің болуы болып табылады.

9-тармақ «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес өзгертілді (№ 08/2026-34 хаттама).

10. Қағидалардың 2-тарауының 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес көлік құралдары мен өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасынан басқа тауарлар (өнімдер) бойынша артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтаруға өтініш түскен кезде, Оператор тауарды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығаруды растау үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасының мемлекеттік

кірістер органдарына кейіннен сұрау салу үшін не Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарына сұрау салу жібереді.

Бұл ретте өтінішті қарау мерзімі Оператор тиісті сұрау салуға қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органнан жауап алған күнге дейін тоқтатыла тұрады.

Өтініште көрсетілген көлік құралдары мен өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасынан басқа тауардың (өнімнің) шығарылуы расталған жағдайда, Оператор өтініште көрсетілген реквизиттер бойынша артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтаруды жүзеге асырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган тауардың шығарылғанын растамаған жағдайда, Оператор артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтарудан жазбаша нысанда бас тартады.

10-тармақ «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес өзгертілді (№ 08/2026-34 хаттама).

11. Қағидалардың 2-тарауының 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес көлік құралдары мен өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасы бойынша артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтаруға өтініш түскен кезде, кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификаттың (бұрын – төлемақының толықтығы туралы құжат) күші жойылады және осы көлік құралы қайта тіркелген жағдайда жоғарыда көрсетілген құжаттың күші жойылғаны және кәдеге жарату төлемін төлеу қажеттілігі туралы ақпараты бар хабарлама-хат тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберіледі.

11-тармақ «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес өзгертілді (№ 08/2026-34 хаттама).

12. Қағидалардың 2-тарауының 4-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген себеп бойынша артық және (немесе) қате төленген сомалар қайтарылған жағдайда растаушы құжаттар мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша ресімделген кәсіпкерлік субъектісінің санаты туралы анықтама;

2) қалдықтарды басқару бойынша операцияларды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт;

3) қалдықтардың (жарамдылық мерзімі өткен өнімнің (тауарлардың) және оның (олардың) қаптамасының, қаптама қалдықтарының (жарамсыз өнім, қиындылар)) кәдеге жаратылуын растайтын, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстар актісі;

4) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша есептен шығару актісі;

5) қаптама қалдықтары (жарамсыз өнім, қиындылар) түзілген жағдайда, қосымша қаптамаға оралған өнімнің (тауардың) салмағы (брутто, нетто) көрсетілген, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша босалқыларды сыртқа босатуға арналған жүкқұжатты ұсыну қажет.

12-тармақ «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес өзгертілді (№ 08/2026-34 хаттама).

12-1 «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес алып тасталды (№ 08/2026-34 хаттама).

13. Оператор кәдеге жарату төлемінің сомалары артық төленгені фактісін растау үшін қажетті құжаттарды қосымша сұратуға құқылы.

14. Өтінішті Оператордың қарау мерзімі ол түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

14-тармақ «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес өзгертілді (№ 08/2026-34 хаттама).

15. Қарау мерзімі Оператор қосымша сұратылатын құжаттарды алған кезге дейін тоқтатыла тұрады.

16. Өндіруші (импорттаушы) ұсынған өтінішті Оператордың қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

1) кәдеге жарату төлемінің артық және (немесе) қате төленген сомасын өтініште реквизиттері көрсетілген өндірушінің (импорттаушының) есеп айырысу шотына қайтару;

2) «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес алып тасталды (№ 08/2026-34 хаттама);

3) бас тарту себептерін көрсете отырып, бұл туралы өндірушіні (импорттаушыны) жазбаша нысанда хабардар ете отырып, артық және (немесе) қате төленген сомаларды қайтарудан бас тарту.

Кәдеге жарату төлемінің артық және (немесе) қате төленген сомасын қайтаруды Оператор ұлттық валютада жүргізеді.

16-тармақ «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес өзгертілді (№ 08/2026-34 хаттама).

4. Кәдеге жарату төлемдерін енгізу туралы сертификат деректерін түзету

17. Кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификаттағы деректердің тауарға (өнімге) растаушы құжаттардағы деректермен (VIN-код, өндірілген жылы, өндірілген елі, көлемі/массасы/техникалық рұқсат етілген ең жоғары массасы/қозғалтқыштың номиналды қуаты/тауардың салмағы, тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН коды) сәйкессіздігі анықталған кезде өндірушілер (импорттаушылар) түзету қажеттілігінің себептерін көрсете отырып, Оператордың сайтындағы жеке кабинетінде түзетуге өтінім береді.

18. Түзетуге берілетін өтінімге өндірушілер (импорттаушылар) ӨКМ іске асыру қағидаларына сәйкес кәдеге жарату төлемін төлеу үшін қажетті, түзетілетін параметрді растайтын құжаттарды қоса береді.

19. Кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификатты түзетуге берілген өтінімді Оператор ол түскен күннен бастап 6 (алты) жұмыс күні ішінде қарастырады.

«Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес толықтырылды (№ 08/2026-34 хаттама).

Түзетуге берілген өтінімді қарау нәтижелері бойынша Оператор кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификатты түзетуді жүзеге асырады не мынадай негіздер болған кезде өтінімді кері қайтарады:

«Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес өзгертілді (№ 08/2026-34 хаттама).

1) ӨКМ іске асыру қағидаларына сәйкес растаушы құжаттардың болмауы;

2) «Жасыл даму» АҚ Басқармасының 2026 жылғы 11 тамыздағы шешіміне сәйкес алып тасталды (№ 08/2026-34 хаттама);

3) кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификатта (бұрын – төлемақының толықтығы туралы құжат) сәйкестендіру нөмірі қате көрсетілген көлік құралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің базасындағы мәліметтерге сәйкес тіркеу есебінде тұрғанда;

4) өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасының сәйкестендіру нөмірінің 2 (екі) таңбасынан артық түзетілуі;

5) кәдеге жарату төлемінің сомасы ұлғаю жағына қарай өзгерген жағдайда қосымша төлемнің болмауы.

5. Қорытынды ережелер

20. Қағидалар Қоғам Басқармасы бекіткен күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі. Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес енгізіледі.

21. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғам Жарғысы және Қоғамның басқа да ішкі актілері өзгертілуі нәтижесінде Қағидалардың жекелеген нормалары олармен қайшылыққа түссе, Қағидалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғам Жарғысына және басқа да ішкі актілеріне қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

22. Қағидалардың жекелеген нормаларының жарамсыздығы басқа нормалардың және тұтастай Қағидалардың жарамсыздығына алып келмейді.